

**"Халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау шаралары туралы" 2009 жылғы 1 шілдедегі № 221 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы N 487 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 17 наурызда N 5-9-126 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Глубокое ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 ақпандағы N 81 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Глубокое ауданы әкімдігінің 2012.02.27 N 81 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау шаралары туралы» Глубокое аудандық әкімдіктің 2009 жылғы 1 шілдедегі № 221 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 27 шілдеде № 5-9-110 болып тіркелген, «Огни Прииртышья» газетінің 2009 жылғы 7 тамыздағы № 32 санында жарияланған), қаулысына келесі өзгерту енгізілсін:

Жоғарыда аталған қаулымен бекітілген «Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Нұсқаулығының» қосымшасында 2 тараудың  
6 б а б ы а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Қаулы алғаш рет ресми жарияланған бірінші күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары М.Н. Понамареваға жүктелсін.

*Глубокое ауданының әкімі*

*В. Кошелев*